



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

*Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу басқармасы*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Қоғамды хабардар ету мақсатында, Ережелердің 29-тармағына сәйкес Оператор мемлекеттік органдардан мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесін интернет-ресурста орналастыру туралы хабарламалар алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде конкурс туралы хабарландыруды жариялайды.

Сонымен қатар, Оператор үкіметтік емес ұйымдарға гранттар беру конкурстары туралы азаматтық сектор өкілдерін кеңінен ақпараттандыруға ерекше көңіл бөледі.

2025 жылғы 14 наурызда «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға 2025 жылға арналған мемлекеттік гранттар беру конкурсын өткізу туралы хабарландыру жарияланды:

<https://cisc.kz/ru/konkurs-gosudarstvennyh-grantov-po-zakazu-upravlenie-prirodnih-resursov-i-regulirovaniya-prirodopolzovaniya-mangistauskoj-oblasti/>

<https://cisc.kz/mangghystaw-oblysynyng-tabighi-reswrstar-zhaene-tabighat-pajdalanwdy-rettew-basqarmasy-tapsyrusy-bojynsha-memlekettik-granttarkonkwrsy/>

https://www.instagram.com/p/DHLmQ9Ko1-P/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DHLoRlioCBp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Өтінімдерді қабылдау **2025 жылғы 9 сәуірде** аяқталды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 3 басым бағыт бойынша 3 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Өңірде кездесетін жабайы құстарды сақтау және уақтылы көмек көрсету, оларға Маңғыстау облысының табиғи жағдайларын жасау	1	10 000 000
2	«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жергілікті тұрғындар мен туристердің көркем демалыс орындарының ластануын болдырмау жөніндегі профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру	1	11 796 000
3	Өңір халқының табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау және өңірдің орнықты дамуы саласындағы халықтың белсенділігін арттыру	1	8 204 000

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 3 грант бойынша 3 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Басым бағыт атауы	Іске асыру мерзімі	ҮЕҰ атауы	Келісімшарт номері және күні
1.	Қоршаған ортаны қорғау	«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жергілікті тұрғындар мен туристердің көркем демалыс орындарының ластануын болдырмау жөніндегі профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру	Қысқа мерзімді	«Эко Мангистау» үкіметтік емес мекемесі	2025 жылғы 22 мамырдағы №51
2.		Өңір халқының табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау және өңірдің орнықты дамуы саласындағы халықтың белсенділігін арттыру		«Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры	22.05.2025 №53
3.		Өңірде кездесетін жабайы құстарды сақтау және уақтылы көмек көрсету, оларға Маңғыстау облысының табиғи жағдайларын жасау		«Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры	22.05.2025 №52

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу» ММ тапсырысына сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау» саласы бойынша 2 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 30 000 000 теңгені құрайтын 3 гранттық жоба ұсынды.

Алайда, 22.05.2025 ж №52 Келісімшарттың бұзылуына байланысты, гранттық жобалар саны 2-ге, ал қаражаты 20 000 000 теңгеге азайды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры	Эко-Маңғыстау: халықты қоршаған ортаны қорғауға және өңірдің тұрақты дамуына тарту	“ЕСОJOL” әлеуметтік кәсіпкерлігі	Козыбаков А.М	+7 775 421 4131	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17ш/а, 71 үй
			«Маңғыстау облысының азаматтық альянсы»	Ахметова Ж.А.	+7 702 517 66 05	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 34 ш/а, Достық үйі 34 кабинет, 2 қабат
			“Маңғыстау табиғаты” қоғамдық бірлестігі	Мухашев К.Ж	+7 778 574 7712	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 ш/а, 68 үй
2	«Эко Мангистау» үкіметтік емес мекемесі	ТАЗА ӘЛЕМ: Тазалық пен табиғат үйлесімі	-	-	-	-

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Есепті кезеңде Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының гранттық жобаларын іске асыру арқылы өңір жастарының дамуына елеулі үлес қосты. Жобалар маңызды бағыттарды қамтыды: білім деңгейін арттыру, жағымсыз құбылыстардың алдын алу, кәсіби және шығармашылық қабілеттерді дамыту. Мақсатты аудиторияны қамту бойынша міндеттер орындалды: мыңдаған жастарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды, жұмысшы қауымдастықтар құрылды, мемлекеттік бағдарламалар мен нашақорлық тәуекелдері туралы ақпараттандырылды.

Бастамалардың тұрақтылығын қолдауды жалғастыру маңызды, мысалы, жас лидерлер мен шығармашылық ұжымдарға арналған менторлық бағдарламаларды енгізу, цифрлық сауаттылықты арттыру. Жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру мерзімін ұзарту және қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады, бұл тереңірек әрі тұрақты әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедерi iшiнара қағаз пломбаға, iшiнара құжаттың парағына басылуы тиiс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

Каримова А.Е.

Бас бухгалтер

Ибраева Ш.З.

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Эко Мангистау» үкіметтік емес мекемесі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде): Осин Кирилл Владимирович

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Мангистауская область, г. Актау, мкр 12, дом 69, кв 41, 8 701 415 3161

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы: «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жергілікті тұрғындар мен туристердің көркем демалыс орындарының ластануын болдырмау жөніндегі профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету): 2025 жылғы 22 мамыр – 2025 жылғы 30 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 796 000 (он бір миллион жеті жүз тоқсан алты мың) теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде): Абдуалиева Айгуль Кадесовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Астана қаласы Е-15 көшесі, 3 үй, 24 кеңсе.

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы: Өңір халқының табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау және өңірдің орнықты дамуы саласындағы халықтың белсенділігін арттыру

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету): 2025 жылғы 22 мамыр – 2025 жылғы 30 қараша.

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 8 204 000 (сегіз миллион екі жүз төрт мың) теңге.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Эко Маңғыстау» жекеменшік мекемесі

Басым бағыттың атауы: «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жергілікті тұрғындар мен туристердің көркем демалыс орындарының ластануын болдырмау жөніндегі профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Маңғыстау облысындағы табиғи және туристік нысандар бойынша инфрақұрылым саласындағы қазіргі экологиялық жағдайды кешенді зерттеу.

№ 1 іс-шара. Зерттеу мақсатында туристік және тарихи-мәдени нысандарға бару.

Жобаға дайындық кезеңінде Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бірлесіп, негізгі туристік нысандарды (табиғи көрікті жерлер мен тарихи-мәдени ескерткіштерді) қамтитын далалық зерттеу маршруты әзірленіп тізімі келісілді.

2025 жылғы маусым – шілде айларында, жоба тобы Маңғыстау өңірінің төменде көрсетілген табиғи ескерткіштері мен туристік орындарда далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1. Жығылған мүйісі;
2. Сұлтан Үпі шатқалы;
3. Ақмыш сайы;
4. Көгілдір (Голубая) бұғазы;
5. Қапамсай шатқалы;
6. Тамшылы шатқалы;
7. Саура шатқалы;
8. Шерқала тауы;
9. Торыш сайы;
10. Самал сайы;
11. Айрақты тауы;
12. Жыланды мүйісі;
13. Ыбықты сайы;
14. Ақеспе сайы;
15. Қарақия ойпаты және Прохлада бастауы.

Әлеуметтік желі сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DOVzI1PjSJe/?img_index=1 /
2. https://www.instagram.com/p/DOoHHXCjXhq/?img_index=1

№ 2 іс-шара. Зерттеу нәтижелері бойынша табиғи орындар мен ескерткіштердің санитарлық жағдайына талдау жазу.

2025 жылғы шілде айында далалық зерттеу жұмыстары барысында жиналған деректер негізінде, Маңғыстау облысының табиғи және туристік нысандарының қазіргі санитарлық жағдайы туралы аналитикалық талдау дайындалды.

Аналитикалық талдауда инфрақұрылым мен экология саласында анықталған өзекті мәселелер көрсетіліп, жағдайды жақсарту мақсатында әзірленген талдау мен бірқатар ұсынымдар (кемінде үш ұсыныс) Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына ресми хат арқылы жолданды.

Мысалы, қосымша қоқыс жәшіктері мен контейнерлер орнату, аумақтарды жүйелі түрде тазалау жұмыстарын ұйымдастыру, экологиялық патрульдер қызметін жолға қою.

Сонымен қатар, Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (талдау / хат) санитарлық тазалауды қажет ететін 10 басым нысанның тізімі көрсетілді:

1. Көгілдір (Голубая) бұғазы;
2. Шерқала тауы;
3. 43 км аймағы;
4. Қарақия ойпаты;
5. Жыланды мүйісі;
6. Ақмыш сайы (урочище «Ақмыш»);
7. Ақеспе сайы;
8. Ыбықты сайы;
9. Саура сайы;
10. Самал сайы.

Әлеуметтік желі сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DLAysFalZes/?img_index=1
2. https://www.instagram.com/p/DOVzI1PjSJe/?img_index=1
3. https://www.instagram.com/p/DKuxQ_ToY2M/?img_index=1
4. https://www.instagram.com/p/DKWSP96oXZJ/?img_index=4

2 міндет. Маңғыстау облысының туристік аймақтары мен рекреациялық аумақтарындағы экожүйелер мен мәдени нысандарға антропогендік әсерді азайту – тазалау, қалпына келтіру және ластанудың алдын алу бойынша жүйелі шараларды енгізу арқылы.

№ 1 іс-шара. Табиғи және тарихи-мәдени нысандарға қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлер орнату.

2025 жылғы маусым - қыркүйек айлары аралығында, Маңғыстау облысында бұрын жүргізілген далалық мониторинг нәтижелері негізінде ең көп баратын туристік орындарда қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары жүргізілді.

Аумақтардың ластану деңгейі, туристік ағымның шоғырлануы және контейнерлік инфрақұрылым туралы деректер негізінде Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бірлесіп контейнерлер орнатуға арналған 10 басым нүктенің тізімі жасалды. Тізімге туристер жиі баратын, сондай-ақ қалдықтар көп жиналатын маңызды табиғи нысандар мен тарихи-мәдени ескерткіштер енгізілді.

Жоба аясында 10 локацияның әрқайсысына 2 жаңа контейнерден, барлығы 20 қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнер орнатылды. Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Монтаждау жұмыстары басталар алдында «Таза Қазақстан» жазуы бар ақпараттық жапсырмалардың эскиздері әзірленіп, бекітілді.

Жергілікті БАҚ-тарға арналған пресс-релиздер дайындалып, жоба серіктестерінің әлеуметтік желілерінде посттар жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DN-z4gyjeJf/>
2. https://www.instagram.com/p/DP0kiP9DbVX/?img_index=1
3. https://www.instagram.com/p/DP0j9aTDdGF/?img_index=1
4. https://www.instagram.com/p/DMutE_eNsUw/?img_index=2

Жобаның нәтижелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, орнатылған контейнерлер ресми түрде жергілікті аудандық әкімдіктердің және/немесе коммуналдық қызмет мекемелерінің балансына өткізілді.

№ 2 іс-шара. Табиғи және тарихи-мәдени нысандарда сенбіліктер өткізу (10 нысанда 2 реттен).

2025 жылдың маусым - қазан айлары аралығында Маңғыстау облысының аумағында экологиялық бағыттағы қоғамдық сенбіліктер сериясы ұйымдастырылды. Әр іс-шара мұқият жоспарланып, сенбіліктің бағдарламасы мен бағыты әзірленді, тазалау жұмыстарының басым учаскелері анықталып, жауапты үйлестірушілер тағайындалды.

Жоба аясында туристер көп шоғырланатын және қоқыс жиналуы жиі байқалатын 10 табиғи және тарихи-мәдени нысандарда 2 реттен тазалау жұмыстары жүргізіліп, барлығы 20 сенбілік өткізіліп, шамамен 60 тонна тұрмыстық қалдықтар жиналды.

Сенбілік жүргізілген табиғи және тарихи-мәдени нысандар:

1. Көгілдір шығанақ;
2. Шерқала тауы;
3. 43 км жабайы жағажай;
4. Қарақия ойпаты;
5. Жыланды мүйісі;
6. Ақмыш сай (Ақмыш шатқалы);
7. Ақеспе шатқалы;
8. Ыбықты сай шатқалы;
9. Саура шатқалы;

Сенбіліктерді ұйымдастыру және өткізу барысында жоба тобы жергілікті әкімдіктермен, коммуналдық қызмет көрсететін мекемелермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеді.

Сонымен қатар, сенбілікке туристер, еріктілер, эко-белсенділер, жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары, мектеп оқушылары мен студенттер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, түрлі мекеме қызметкерлері және белсенді тұрғындар қатысты.

Нәтижесінде, әр сенбілік сайын тізім жасалып, сенбілікке қатысушылардың көрсеткіші 400 адамды құрады.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Іс-шара барысында тимбилдинг және экологиялық ағарту элементтері енгізіліп, қатысушыларға қоқысты бөлек жинаудың маңыздылығы мен табиғатқа ұқыпты қарау мәдениеті түсіндірілді. Сонымен қатар, экологиялық дағдыларды қалыптастыру бойынша практикалық кеңестер берілді.

Барлық сенбіліктер туралы алдын ала хабарламалар әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, сондай-ақ сенбіліктердің нәтижелері әлеуметтік желілерде жазбалар мен фотоесептер түрінде көрсетілді.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DOoHHXCjXhq/?img_index=1
2. <https://www.instagram.com/p/DOVy0cjDTb4/>
3. https://www.instagram.com/p/DN-7UtUERF9/?img_index=1
4. https://www.instagram.com/p/DP0kiP9DbVX/?img_index=1
5. https://www.instagram.com/p/DP0j9aTDdGF/?img_index=1
6. https://www.instagram.com/p/DLAysFalZes/?img_index=1
7. https://www.instagram.com/p/DOVzIIPjSJe/?img_index=1
8. https://www.instagram.com/p/DKuxQ_ToY2M/?img_index=1
9. https://www.instagram.com/p/DKWSP96oXZJ/?img_index=4
10. <https://www.instagram.com/p/DOSiVd1jHf8/>
11. <https://www.instagram.com/p/DOIzGe2jWis/>

№ 3 іс-шара. Табиғи және тарихи-мәдени нысандарда тазалықты сақтау жөніндегі даналық сөздер жазылған тақтайшаларды орнату.

Туристерге ұзақ мерзімді әсер ету және экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында 2025 жылдың тамыз–қазан айлары аралығында табиғи және тарихи-мәдени нысандарда экологиялық мазмұндағы ақпараттық тақтайшаларды орнату жұмыстары жүргізілді.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының келісімі негізінде табиғатты қорғау мен тазалықты сақтау туралы даналық сөздер, туристік аймақтардағы мінез-құлық ережелері және @TazaQazBot Telegram-ботының сілтемесі көрсетілген қазақ және орыс тілдерінде 10 тақтайшаның дизайны әзірленді.

Жергілікті атқарушы органдармен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әкімшіліктерімен бірлесе отырып, осындай экологиялық сауаттылық туралы тақтайшаларды қажет ететін 10 локацияға тақтайшалар орналастырылды.

Тақтайшалардағы жазбалар — табиғат пен тазалық туралы танымал ойшылдардың дәйексөздері мен экологиялық үндеулер — туристердің қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір тақтайшаны орнату процесі фотофиксацияланып, тиісті есептік материалдар дайындалды.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Әлеуметтік желіде іс-шара туралы жарияланымдар мен хабарламалар орналастырылып, кейбір өңірлік БАҚ-та бұл бастама туралы мақалалар жарық көрді. БАҚ өкілдері жоба аясындағы экологиялық ағарту жұмыстарының заманауи және мотивациялық тәсілін атап өтті.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DN-scd3DBrG/>
2. <https://www.instagram.com/p/DN-z4gyjeJf/>
3. https://www.instagram.com/p/DMuvQ07NHff/?img_index=1

№ 4 іс-шара. Тазалықты сақтау бойынша түсіндіру-ағарту іс-шараларын ұйымдастыру.

Тазалықты сақтау бойынша түсіндіру-ағарту іс-шараларын ұйымдастыру жұмыстары туралы бағдарлама жасалып, әлеуметтік желіде алдын-ала анонс хабарлама таратылды.

Аталып өткен бағдарламаға сәйкес, 2025 жылдың шілде – қазан айлары аралығында, Маңғыстау облысының туристік аймақтарында қазақ және орыс тілдерінде 20 рет «Эко-патруль» атты көшпелі ағартушылық акциялар сериясы өткізілді.

Бұл іс-шараның форматы – табиғи және тарихи-мәдени орындарға келушілермен тікелей жүздесу арқылы экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған.

Арнайы дайындықтан өткен еріктілер (оның ішінде «Эко Маңғыстау» ҰЕҰ белсенділері мен жастар) экологиялық символикасы бар брендтелген киімде қалалық жағажайлар, кемпингтер, демалыс орындары, саябақтар, аллеялар, жағалаулар және сауда орталықтары сияқты халық көп жиналатын жерлерге барып, тұрғындармен және туристермен тазалықты сақтаудың маңыздылығы туралы әңгімелер өткізді.

Нәтижесінде, «Эко-патруль» атты көшпелі ағартушылық акция жалпы саны 200 адамды (отбасылар, туристер, жергілікті жастар) қамтыды.

Әр патрульдің жұмыс бағыты мен нысандары (пляждар, саябақтар, демалыс аймақтары, жағалаулар, т.б.) алдын ала анықталып, маршруттар бекітілді. Іс-шара барысында кем дегенде арнайы киімдегі 2 ерікті Маңғыстау облысының тұрғындарымен қонақтарына қоқысты дұрыс жинау тәжірибесін көрсетіп, сұрақтарына жауап берді. Жұмыс әдістемесі жеке үлгі көрсетуге және тікелей диалогқа негізделіп, еріктілер өздері де ұсақ қоқысты жинап, табиғатқа ұқыпты қараудың маңызын нақты мысалмен көрсетті.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Әрбір ағартушылық іс-шара бойынша фотоесеп пен қысқаша ақпараттық баяндама дайындалып, олардың нәтижелері жобаның әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DLkCz4uIzrw/?img_index=1
2. https://www.instagram.com/p/DLkCC23IjsB/?img_index=1
3. https://www.instagram.com/p/DNABMpuoR9w/?img_index=1

№ 5 іс-шара: Жиналған қоқысты жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жауапты мекемелер арқылы шығару жұмыстарын ұйымдастыру.

Тазалық акцияларының ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылдың маусым – қараша айлары аралығында абаттандырылған аумақтардан қалдықтарды тұрақты түрде шығару жүйесі жолға қойылды.

Жоба тобы қоқыс қалдықтарын шығару жұмыстарына жауаптыны тұлғаны анықтау мақсатында аудандық әкімдіктер мен коммуналдық кәсіпорындарға 3 ресми хат жолдады.

Нәтижесінде жергілікті атқарушы органдармен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, жоба аясында орнатылған қоқыс контейнерлері коммуналдық қызметтердің тұрақты қызмет көрсету кестесіне енгізілді.

Сенбіліктер кезінде жиналған тұрмыстық қалдықтар коммуналдық қызметтердің күшімен уақытылы тиісті қоқыс алаңына жеткізіліп, шығарылған қалдықтардың көлемі қабылдау-тапсыру актілері мен коммуналдық мекемелердің анықтамалары арқылы ресми түрде расталды. Осылайша, жоба тек қоқысты жинаумен шектелмей, оның утилизациялануын қамтамасыз етіп, аумақтың қайтадан ластану қаупін жойды.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Қоқысты шығару барысы туралы фотоматериалдар мен ақпараттар жоба парақшаларында әлеуметтік желілерде жарияланып, жұмыстың ашықтығы мен сапасы қамтамасыз етілді.

3 міндет. Жергілікті тұрғындар мен туристер арасында экологиялық сауаттылықты және жауапты мінез-құлық мәдениетін арттыру.

№ 1 іс-шара: «TAZALIKE FEST» екі күндік фестивалін ұйымдастыру, қатысушылар саны кемінде 500 адамды қамтитын, оның ішінде эко-активистерді, жастарды, экологтарды және басқа да мүдделі тараптарды тарту арқылы келесі бағыттар бойынша өткізу: «Тіршіліктің бастауы – су», «Жер-Ана», «Таза ауа», «Жасыл бедер», «Климат».

2025 жылдың 27–28 қыркүйек күндері Ақтау қаласында, 15-шағын аудан амфитеатр алаңында екі күндік экологиялық фестиваль – «TAZALIKE FEST» өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа ұқыпты қарауды насихаттау және жастардың белсенді экологиялық бастамаларын қолдау болды.

Фестивальдің бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленіп, алты тақырыптық бағытты қамтыды: «Өмір бастауы – су», «Жер Ана», «Таза ауа», «Жасыл бедер», «Климат» және «Болашақ». Әрбір бағытта қатысушыларға арналған дәрістер, шеберлік сағаттар, тәжірибелік сабақтар мен ойын түріндегі экологиялық интерактивтер ұйымдастырылды. Бағдарлама туралы ақпарат пен пресс-анонс фестиваль басталмас бұрын БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы кеңінен таратылды.

Фестивальге экологиялық белсенділер, еріктілер, жастар ұйымдарының өкілдері, оқушылар, студенттер, туризм және мәдениет саласының өкілдері, сондай-ақ жергілікті тұрғындар қатысты. Екі күн ішінде жалпы 500-ден астам адам қамтылды, бұл жоспарланған көрсеткішке толық сәйкес келеді.

Іс-шарада 2-ден астам негізгі спикер мен бірқатар салалық сарапшылар сөз сөйледі. Олардың қатарында биолог Вера Наумова (су және микропластик туралы тәжірибелік зертхана), эколог Джавид Алиев (Маңғыстау өңірінің су және ауа сапасы тақырыптарында дәрістер), биолог Марианна Пономарёва (өсімдіктермен алмасу және экологиялық күтім бойынша кеңес), сондай-ақ эколог Вадим Ни (климат пен шөлейттену мәселелері бойынша баяндама) бар.

Шығармашылық бағытта үштен астам ұжым белсенді қатысты. «Save the Caspian Sea» қозғалысы экологиялық сән көрсетілімін ұйымдастырды, «Жас суретші» мектебі балалар мен жасөспірімдер арасында «Климат және болашақ Маңғыстау» атты сурет байқауын өткізді, ал екінші күннің соңында Clover bend тобы мен DJ Black ашық аспан астындағы концерт ұйымдастырды.

Қатысушылардан жиналған пікірлер фестивальдің мазмұны мен интерактивті форматының тиімділігін көрсетті. Көптеген қатысушылар экологиялық әдеттер, қалдықтарды сұрыптау, суды және ауаны үнемдеу, өсімдіктерге күтім жасау сияқты пайдалы тәжірибелер үйренгендерін атап өтті.

Фестиваль барысында және одан кейін әлеуметтік желілерде 10-нан астам жарияланым, тікелей эфир және фото-бейнематериалдар жарияланды. БАҚ-та да кеңінен жарық көрді: «Лада», «Мангистау Медиа» және басқа да аймақтық ақпараттық порталдар фестиваль жайлы жаңалықтар таратты.

Іс-шараның фото және видео есебі дайындалып, грант берушіге тапсырылды. Барлығы 5-тен астам сапалы фотосурет пен 2 қысқаметражды бейнеролик әзірленді.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Қорытындылай келе, фестиваль шеңберінде жоспарланған барлық индикаторлар толық орындалды: екі тілдегі бағдарлама әзірленді, пресс-анонс пен қатысушылар тізімі дайындалды, 500-ден астам адам қамтылды, спикерлер мен шығармашылық ұжымдар қатысты, фото және видео есеп жасалды, ал іс-шара әлеуметтік желілер мен БАҚ-та кеңінен насихатталды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DPJUUqGjaIZ/>
2. <https://www.instagram.com/p/DPGdXDhjUi3/>
3. <https://www.instagram.com/p/DPDtYgkjX5b/>

№ 2 іс-шара: Бейнероликтерді түсіру және монтаждау.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына келісіліп, 5 бейнероликтің сценарийлері мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде дайындалды.

Бұл ретте, жоба аясындағы іс-шараны ақпараттандыру мақсатында арнайы пресс-анонс дайындалып, әлеуметтік желілерде жарияланды.

Жалпы саны 5 бейнеролик қазақ және орыс тілдерінде түсіріліп, экологиялық бағыттағы маңызды тақырыптарды қамтыды:

- тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда тәртіп сақтау ережелері;
- аулаларды көгалдандыру;
- Қошқар-Ата қоймасының экологиялық жағдайы мен рекультивация жұмыстары;
- «Таза Қазақстан» акциясына қатысуға үндеу.

Өзірленген бейнематериалдардың қысқаша мазмұнын қамтитын дайджест дайындалып, көпшілік назарына ұсынылды. Барлық дайын бейнероликтер бірнеше ақпараттық арналар арқылы таратылды, оның ішінде, НПО «Эко Маңғыстау» ұйымының Facebook және Instagram парақшаларында, жобаның ресми сайтында және сондай-ақ, Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсында жарияланды. Жалпы ақпараттық қамту 10 000-ды құрады.

Осылайша, бейнероликтерді дайындау мен тарату жұмыстары сапалы жүргізіліп, барлық индикаторлар толық орындалды, экологиялық мәдениетті арттыру және халықтың экологиялық сауаттылығын көтеру мақсаттары жүзеге асты.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/reel/DQrt31_jTiv/
2. <https://www.instagram.com/reel/DQrthqSDVEK/>
3. <https://www.instagram.com/reel/DQrsphLDUco/>
4. <https://www.instagram.com/reel/DQrsBIOjYDC/>
5. <https://www.instagram.com/reel/DQrurGwjfFm/>

№ 3 іс-шара. Гидтер мен жүргізушілерге арналған шеберлік сабағын ұйымдастыру.

Туристік топтардың гидтері мен жетекшілеріне арналған мастер-класс өткізу іс-шарасының бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде дайындалды.

Екі сарапшы қатысушыларға кәсіби қызметтерінде пайдалана алатын таныстырылымдары мен әдістемелік материалдарын ұсынып, таратты. Мастер-класс өткізілмей тұрып, екі тілде баспасөз-анонс дайындалып, ақпараттық сүйемелдеу қамтамасыз етілді.

Іс-шара бір күндік оқу форматында өтіп, 24 адам қамтыды, оның ішінде экскурсиялық бюро гидтері, табиғи парктер қызметкерлері және тәуелсіз экскурсоводтар болды. Қатысушылардың тізімі жасалып, ресми түрде рәсімделді.

Іс-шара қорытындысы бойынша фото және видео есеп дайындалып, мастер-класстың өткізілгенін және қатысушылардың белсенділігін растайтын ақпарат дайындалды. Жобаның әлеуметтік желілеріндегі парақшаларда іс-шара материалдары жарияланып, кең аудиторияның қызығушылығын арттырды.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DQL4ydEjaUc/>
2. https://www.instagram.com/p/DQG_LS8jV13/
3. https://www.instagram.com/p/DQG_t4XDdCg/
4. https://www.instagram.com/p/DQrYp1xjSEH/?img_index=1

Жоба іс-шараларының растаушы құжаттары, сілтемедегі ақпарат ретінде ұсынылады:

1. https://drive.google.com/drive/folders/1vja8sB08HNJMne_LM2Ne8pww7EeRymKD

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«TAZA ALEM: Тазалық пен табиғат үйлесімі» жобасының мақсаты – Маңғыстау облысында туризмнің орнықты экожүйесін қалыптастыру, өңірдің табиғи және мәдени мұрасын сақтау бағытында экологиялық, инфрақұрылымдық және білім беру шараларын интеграциялау болды.

Жобаны іске асыру кезеңінде (2025 жылғы маусым – қараша) қойылған мақсат толық көлемде орындалды, бұл гранттық келісімшарттың №3 Қосымшасында көрсетілген барлық міндеттер, іс-шаралар және нысаналы индикаторлардың орындалуымен расталады.

1. Экологиялық инфрақұрылым және антропогендік жүктемені азайту

10 табиғи және тарихи-мәдени нысанда 20 қоқыс контейнерін орнату, акиматтармен бірлесіп тұрақты түрде тазалау және қоқыс шығару жұмыстарын ұйымдастыру нәтижесінде туристік аумақтардағы ластану деңгейін айтарлықтай төмендетуге қол жеткізілді.

Бұл шаралар тазалықты тұрақты қолдау жүйесін қалыптастырды және қоршаған ортаны ластаудың алдын алуға мүмкіндік берді, сондай-ақ жауапты демалыс стандарттарының негізін қалады.

Сонымен қатар, табиғатты қорғау туралы үндеулері бар 10 ақпараттық тақтайшаның орнатылуы табиғатты аялау туралы тұрақты визуалды еске салғыш қызметін атқарды. Бұл шешім туристер мен жергілікті тұрғындардың мінез-құлқына ұзақ мерзімді оң әсер ететін тиімді құрал болды.

Нәтижелер фото және бейне есептермен, сондай-ақ тұрғындардың пікірлерімен расталды — зерттелген аумақтарда қоқыс тастау жағдайларының азайғаны байқалды.

2. Ағартушылық және тәрбие жұмыстары

Жобаның негізгі бағыттарының бірі – халықтың экологиялық санасын қалыптастыру.

Брендтелген киім киген эко-патрульдердің қатысуымен 20 түсіндіру акциясы өткізілді, оларда 200-ден астам адам қамтылды. Бұл шаралар мақсатты аудиториямен тікелей байланыс орнатып, адамдарда қалдықтарды сұрыптау, ресурстарды үнемді пайдалану және табиғатты ластамау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, гидтер мен экскурсия жүргізушілері үшін оқыту мастер-классы ұйымдастырылды (15 қатысушы). Туризм саласының мамандары экскурсиялық бағдарламаларға экологиялық жауапты мінез-құлық принциптерін енгізу дағдыларын меңгерді. Осылайша, жоба мультипликативтік әсерге қол жеткізді — дайындалған гидтер бұл білімді туристерге жеткізу арқылы жобаның ағартушылық миссиясын жалғастырады.

3. Экологиялық ағарту және мәдени форматтар арқылы жаппай тарту

Жобаның орталық шарасы — екі күндік «TAZALIKE FEST» фестивалі болды. Оған жастар, экологтар, қоғамдық белсенділер, туроператорлар және өңір тұрғындары қатарынан 500-ден астам адам қатысты. Фестиваль алты тақырыптық бағыт бойынша өтті («Өмір бастауы — су», «Жер Ана», «Таза ауа», «Жасыл бедер», «Климат», «Болашақ») және өңірде экологиялық шешімдерді талқылауға арналған ең ірі қоғамдық платформаға айналды. Шара бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталып, «Taza Qazaqstan» идеяларын танымал етуге және халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға елеулі үлес қосты.

Табиғатты таза ұстау туралы 5 бейнероликтің дайындалып, таралуы 10 000-нан астам қаралымға қол жеткізді, бұл жобаның танымалдылығын және білім беру әсерін күшейтті.

4. Зерттеу және аналитикалық база

Жобаның бастапқы кезеңінде Маңғыстау облысының табиғи және туристік нысандарының жағдайына кешенді зерттеу жүргізілді. 10 негізгі локация зерттеліп, әрқайсысы бойынша фото және бейнематериалдар дайындалып, санитарлық жағдайға талдау жасалды және инфрақұрылымды жақсарту мен экологиялық қорғауды күшейту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Бұл зерттеу мәліметтері практикалық шараларға негіз болып, табиғи аумақтардың тазалығын сақтауға жүйелі тәсіл қалыптастыруға мүмкіндік берді.

5. Ақпараттық және қоғамдық танылу

Жоба барысында әлеуметтік желілерде, БАҚ-та және ұйымның сайтында 10-нан астам тақырыптық жариялымдар мен пресс-релиздер жарық көрді. Аудиторияның жалпы қамтылымы 35 000 адамнан асты, бұл жоспарланған көрсеткіштен (30 000) жоғары. Жоба жұртшылықтан, волонтерлерден және мемлекеттік құрылымдар өкілдерінен оң пікірлер алды. Жұмыстың нәтижелері «Маңғыстау» өңірлік телеарнасының эфирінде қорытындыланды, бұл жобаның ашықтығын және қоғамдық танылуын қамтамасыз етті.

6. Мақсаттың орындалуын куәландыратын дәлелдер

Инфрақұрылымдық шаралар (қоқыс контейнерлері, тақтайшалар, қоқыс шығару) өңірдің туристік локацияларында тазалық экожүйесін құруға ықпал етті. Ағартушылық және мәдени шаралар халықтың экологиялық сауаттылығын арттырып, қоршаған ортаға жауапты қатынас қалыптастырды.

Жаппай қатысу 500-ден астам тікелей қатысушы және ақпараттық кампаниялар арқылы ондаған мың адам қамтылды. Жүйелі тәсіл зерттеулер, практикалық шаралар және мемлекеттік органдармен үйлестіру нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз етті. «Taza Qazaqstan» бағдарламасымен үйлесім жоба ұлттық экологиялық саясатты өңірлік деңгейде нығайтты.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

«TAZA ALEM: Тазалық пен табиғат үйлесімі» жобасын іске асыруға дейін Маңғыстау облысының табиғи және туристік нысандарында келесі типтік экологиялық мәселелер байқалды:

- қоқысты жүйелі түрде шығару жүйесінің болмауы және ТҚҚ контейнерлерінің жеткіліксіздігі;
- туристер мен жергілікті тұрғындардың табиғи аумақтардағы өзін-өзі ұстау нормалары туралы хабардарлығының төмендігі;
- аумақтарды тазарту бастамаларының сирек әрі жүйесіз өткізілуі, тұрақты нәтиженің болмауы;
- жастар мен жергілікті қауымдастықтардың экологиялық белсенділікке әлсіз тартылуы.

Жоба аяқталған сәтте жағдай сапалы түрде өзгерді. Жүргізілген жүйелі шаралар нәтижесінде тұрақты тазалық пен жауапкершілік экожүйесі қалыптасты:

- 10 табиғи және мәдени нысанға контейнерлер мен ақпараттық тақтайшалар орнатылып, қоқысты тұрақты шығару қамтамасыз етілді;
- 20 сенбілік және 20 түсіндіру акциясы өткізіліп, 400-ден астам адам қамтылды;
- 500-ден астам тұрғын мен турист «TAZALIKE FEST» экофестиваліне қатысты, ал ақпараттық қамту 35000 адамнан асты;
- экологиялық сауаттылық пен азаматтық белсенділік деңгейі айтарлықтай артты: қатысушылар өз бастамаларымен тазалық жұмыстарын ұйымдастыра бастады, әлеуметтік желілерде табиғатты қорғау тақырыбында жарияланымдар көбейді.

Жоба мәселелері мен міндеттерінің шешілу деңгейі жоғары деп бағаланады. Барлық индикаторлар толық орындалды, халықтың мінез-құлқында тұрақты оң өзгерістер байқалады: танымал локацияларда қоқыс жиірек жинала бастады, демалушылар орнатылған контейнерлерді белсенді қолдануда, ал көптеген волонтерлер жоба аяқталғаннан кейін де экологиялық шараларға қатысуды жалғастыруда.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі: жоқ

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

«TAZA ALEM: Тазалық пен табиғат үйлесімі» жобасын іске асыруға дейін Маңғыстау облысының табиғи және туристік нысандарында келесі типтік экологиялық мәселелер байқалды:

- қоқысты жүйелі түрде шығару жүйесінің болмауы және ТҚҚ контейнерлерінің жеткіліксіздігі;
- туристер мен жергілікті тұрғындардың табиғи аумақтардағы өзін-өзі ұстау нормалары туралы хабардарлығының төмендігі;
- аумақтарды тазарту бастамаларының сирек әрі жүйесіз өткізілуі, тұрақты нәтиженің болмауы;
- жастар мен жергілікті қауымдастықтардың экологиялық белсенділікке әлсіз тартылуы.

Жоба аяқталған сәтте жағдай сапалы түрде өзгерді. Жүргізілген жүйелі шаралар нәтижесінде тұрақты тазалық пен жауапкершілік экожүйесі қалыптасты:

- 10 табиғи және мәдени нысанға контейнерлер мен ақпараттық тақтайшалар орнатылып, қоқысты тұрақты шығару қамтамасыз етілді;
- 20 сенбілік және 20 түсіндіру акциясы өткізіліп, 400-ден астам адам қамтылды;
- 500-ден астам тұрғын мен турист «TAZALIKE FEST» экофестиваліне қатысты, ал ақпараттық кампанияның қамтылымы 35 000 адамнан асты;

• экологиялық сауаттылық пен азаматтық белсенділік деңгейі айтарлықтай артты: қатысушылар өз бастамаларымен тазалық жұмыстарын ұйымдастыра бастады, әлеуметтік желілерде табиғатты қорғау тақырыбында жарияланымдар көбейді.

Жоба мәселелері мен міндеттерінің шешілу деңгейі жоғары деп бағаланады. Барлық индикаторлар толық орындалды, халықтың мінез-құлқында тұрақты оң өзгерістер байқалады: танымал локацияларда қоқыс жиірек жинала бастады, демалушылар орнатылған контейнерлерді белсенді қолдануда, ал көптеген волонтерлер жоба аяқталғаннан кейін де экологиялық шараларға қатысуды жалғастыруда.

II. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде

Статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылар саны	Ерлер	Әйелдер
1 124	421	703

2) Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушылар саны, барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедектігі бар -балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері	Мүгедектігі бар адамдар	Ересек жастағы адамдар (50 жастағы және одан асқан).	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес секторының өкілдері	Басқа да санаттар
1124	0	879	0	0	0	245	0	0	0	0

3) Жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жобаға қатысушылар саны, барлығы	13-16 жастағы	17-22 жастағы	23-27 жастағы	28-32 жастағы	33-45 жастағы	46-58 жастағы	59 жастағы және ол жастан асқан
1124	20	260	213	305	81	69	176

III. Жобаның нәтижелері:

1) Нысаналы топтардың жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері.

Сандық нәтижелер:

- 2025 жылдың маусым–шілде айларында Далалық зерттеу жұмыстары өткізіліп, Маңғыстау облысының 15 табиғи және тарихи нысаны қамтылды.

- Санитарлық жағдайға аналитикалық талдау әзірленіп, кемінде 3 ұсыныс пен 10 тазалауды қажет ететін нысанның тізімі жасалды.
- 10 басым локацияға 20 қатты тұрмыстық қалдық контейнері орнатылды.
- 10 табиғи нысанда 20 рет сенбілік өткізіліп, шамамен 60 тонна қоқыс жиналды.
- 400 адамның қатысуымен сенбіліктер ұйымдастырылды.
- 20 рет «Эко-патруль» көшпелі акциясы өткізіліп, 200 адамға экологиялық түсіндіру жүргізілді.
- 10 локацияға экологиялық мазмұндағы тақтайшалар орнатылды.
- 500-ден астам адамды қамтитын «TAZALIKE FEST» екі күндік фестивалі ұйымдастырылды.
- 5 бейнеролик қазақ және орыс тілдерінде түсіріліп, ақпараттық қамту 10 000 адамды қамтылды.
- 35 000 адам жоба туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы ақпараттандырылды.

Сапалық нәтижелер:

- Табиғи нысандардың санитарлық жағдайына терең талдау жасалып, мемлекеттік органға нақты ұсыныстар берілді.
- Туристік аймақтарда санитарлық инфрақұрылым күшейтілді (контейнерлер, тақтайшалар).
- Жергілікті тұрғындар, туристер, жастар және гидтер арасында экологиялық мәдениет пен жауапты мінез-құлық деңгейі артты.
- Жоба аясында ақпараттық сүйемелдеу мен әлеуметтік желідегі жарияланымдар өңірде экологиялық мәселелерге деген қызығушылықты өсірді.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиіс проблемаға ұзақмерзімді ықпалы.

- Жоба аясында орнатылған 20 контейнер коммуналдық қызметтердің ресми балансына беріліп, қалдықтардың уақытылы шығарылуына мүмкіндік жасайды.
- Экологиялық тақтайшалар мен «Эко-патруль» акциялары туристер мен жергілікті тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілік мәдениетін ұзақ мерзімге нығайтады.
- Жүргізілген сенбіліктердің арқасында табиғи аумақтарды қайта ластау ықтималдығы азайып, өңірдің экологиялық тұрақтылығы жақсарады.
- Фестиваль, бейнероликтер және мастер-кластар экологиялық білім беру деңгейін көтеріп, жастардың экобелсенділігін ұзақ уақытқа ынталандырады.

3) Әлеуметтік-экономикалық әсері.

Әлеуметтік әсер:

- Экологиялық мәдениетті арттыру бойынша жүйелі іс-шаралар (20 сенбілік, 20 эко-патруль, фестиваль, тақтайшалар) тұрғындардың санасында қоршаған ортаға деген жауапкершілікті күшейтті.
- Жастар, еріктілер, гидтер және жергілікті қауымдастықтардың экологиялық бастамаларға қатысуы кеңейді.
- Жобаның ашықтығы (фото/видео есеп, БАҚ-тағы жарияланымдар) қоғамда экобастамаларға деген сенімді арттырды.

Экономикалық әсер:

- Туристік нысандардың тазалануы мен инфрақұрылымның жақсаруы өңірдің туристік тартымдылығын арттырады, бұл жергілікті қызмет көрсету саласына оң әсер етеді.
- Қалдықтарды жүйелі шығару арқылы коммуналдық қызметтердің жүктемесі оңтайландырылады.
- Табиғи нысандардың жақсы санитарлық жағдайы, нысандарды ұзақ мерзімде сақтауға, демалыс аймақтарының тозуын азайтуға мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Қазақстанның Экологиялық Қоры» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: «Эко-Маңғыстау: халықты қоршаған ортаны қорғауға және өңірдің орнықты дамуына тарту».

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Өңір халқының табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру бойынша мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

1 іс-шара. Қоршаған ортаны қорғау және өңірдің орнықты дамуы саласындағы халықтың белсенділігін арттыру жөніндегі өңірлік ұйымдастыру әдістерімен ынтымақтастық тетігін әзірлеу.

Жоба шеңберінде Маңғыстау облысының экологиялық бастамаларына және өңірдің орнықты дамуына халықтың тартылуын арттыру мақсатында негізгі өңірлік ұйымдармен өзара іс-қимылдың жүйелі тетігі әзірленіп, практикада іске асырылды.

Әзірленген ынтымақтастық тетігі мемлекеттік органдарды, білім беру мекемелерін, жастар ұйымдарын, экологиялық бастамаларды жүзеге асыратын ҮЕҰ-ларды және жергілікті белсенділерді бір алаңда біріктіруге мүмкіндік берді. Бұл тетік экологиялық жобаларды үйлестіруді, ақпарат алмасуды, бірлескен акциялар мен оқыту іс-шараларын ұйымдастыруды жеңілдетіп, аймақтағы экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған жұмыстың тиімділігін күшейтті.

Нәтижесінде өңір тұрғындарының экологиялық мәселелерге деген қызығушылығы артып, қоғамның әртүрлі топтарының экобастамаларға қатысу деңгейі жоғарылады. Ұнтымақтастық механизмінің енгізілуі экологиялық саясатты жүзеге асыруда қоғам мен ұйымдардың тұрақты серіктестігін қалыптастыруға негіз болды.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

2-міндет. Мерекелік іс-шаралар бағдарламасын Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен келісу.

1 іс-шара 1. Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен меморандум жасасу және жоба бағдарламасын келісу.

Жобаны іске асыру барысында Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан ынтымақтастық туралы Меморандум жасасудан бас тарту жөнінде ресми жауап алынды. Аталған жайтқа қарамастан, жобаның іс-шаралар бағдарламасы Тапсырыс берушінің талаптарына толық сәйкес әзірленді.

Бағдарлама қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, белгіленген мерзімде жауапты мемлекеттік органға келісуге жолданды. Нәтижесінде іс-шаралар жоспары келісіліп, бұл жөнінде ресми хат ұсынылды.

Бұл жағдай жобаның мазмұны талаптарға толық сай екенін, жоспарланған іс-шараларды іске асыруға ешқандай кедергі болмағанын, сондай-ақ жобаны өңірлік деңгейде жүзеге асыру үшін барлық құқықтық және ұйымдастырушылық алғышарттардың қамтамасыз етілгенін көрсетті.

3-міндет. Эко-еріктілер үшін ақпараттық және білім беру материалдарын әзірлеу, шығару және басып шығару. өңір халқының экологияға және өңірдің орнықты дамуына жауапты қатынасын қалыптастыру бойынша.

1 іс-шара. Эко-еріктілер үшін ақпараттық және білім беру материалдарын әзірлеу, шығару және тарату.

Жоба шеңберінде өңір тұрғындарының экологиялық мәдениетін арттыру және эко-волонтерлердің жұмысын ақпараттық-әдістемелік тұрғыда қолдау мақсатында арнайы ақпараттық-білім беру материалдары әзірленді. Бұл материалдар тұрғындардың экологияға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға, экологиялық бастамаларға қатысуын ынталандыруға және жас буынды тұрақты даму қағидаттарына баулуға бағытталды.

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында 1500 дана брошюра және 1500 дана лифлет басып шығарылып, оператордың келісімімен тираж көлемі толық орындалды. Материалдар жергілікті қауымдастыққа таратылып, мақсатты топтардың экологиялық сауаттылығын арттыруға оң ықпал етті.

Сонымен қатар, материалдардың дайындалуы мен таратылуы бойынша Акт передачи рәсімделіп, есептік құжаттамаға қоса берілді.

Іс-шара аясында дайындалған және таратылған өнімдер туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желіге жарияланған ақпараттардың сілтемесі: https://www.instagram.com/p/DLmQ_QzNFcG/?igsh=MTd6MzdnNjBtZW43MA==

4-міндет «Эко-волонтерлік» мектебін ұйымдастыру.

1 іс-шара. Белсенділер арасында білім беру курстарын және тренингтерді өткізу.

Жоба аясында өңірде экологиялық жауапкершілік пен тұрақты даму құндылықтарын насихаттау мақсатында белсенділерге арналған білім беру курстары мен тренингтер ұйымдастырылды.

2025 жылғы қараша айында Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында екі оқу алаңы қамтылды:

- № 22 мектеп-гимназиясында 30 белсендіні Оралбекова Назерке Асанқызы оқытты;
- № 19 жалпы білім беретін мектепте 30 белсендіні Абдуалиева Айгүл Кадесовна дайындады.

Оқыту бағдарламалары экология, табиғатты қорғау, экологиялық мәдениет, тұрақты даму, сондай-ақ жергілікті деңгейде экологиялық бастамаларды ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды қамтыды. Қатысушылар тренинг нәтижесінде қауымдастыққа экологиялық ақпарат таратуға және экобастамаларға белсенді қатысуға дайын болды.

Оқу бағдарламасы (қазақ және орыс тілдерінде) – дайындалды және тренингте пайдаланылды.

Қатысушылардың жалпы қамтылуы – 60 адамдықұрады.

Қатысушылар тізімі – екі мектеп бойынша жасақталып, есепке тіркелді.

Әлеуметтік желілерде және серіктес ұйымдардың парақшаларында жарияланды жарияланмыдар жарияланды.

*

2 іс-шара. Белсенділердің табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша халық арасында азарту жұмыстары.

Жоба аясында өңірдің экологиялық белсенділеріне арналған кешенді оқыту жұмыстары ұйымдастырылып, қатысушылар арасында қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ағартушылық қызмет жүзеге асырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамда экологиялық жауапкершілікті арттыру, экobelсенділердің кәсіби дағдыларын жетілдіру және оларды тұрақты даму бағытындағы бастамаларды іске асыруға ынталандыру болды.

2025 жылғы 11 қараша күні Маңғыстау облысы бойынша білім беру ұйымдарының өкілдері қатысқан оқыту семинары №2 Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде өткізілді. Жиынға 200 қатысушы-белсенді тартылып, олар экологиялық білім берудің қазіргі заманға сай әдістерімен танысты.

Оқыту бағдарламасы келесі негізгі бағыттарды қамтыды:

1. Қоқысты бөлек жинау және сұрыптау қағидалары – тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару мәдениетін қалыптастыру;
2. Аудиториямен жұмыс істеу дағдылары – халықпен және жастармен экологиялық тақырыпта сауатты ақпараттық жұмыс жүргізу;
3. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған эко-білім беру – табиғатты сақтау құндылықтарын түсіндіру және экологиялық ағартудың практикалық тәсілдері.

Оқыту қорытындысында қатысушылар экологиялық ақпаратты кең аудиторияға жеткізе алатын, экологиялық мәдениетті арттыруға атсалысатын және жергілікті деңгейдегі экологиялық бастамаларды ұйымдастыруға қабілетті белсенді топқа айналды. Іс-шара өңірдегі экологиялық қозғалыстың әлеуетін күшейтіп, қоғамның табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға елеулі үлес қосты.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Іс-шараның негізгі кезеңдері мен нәтижелері туралы фото және қысқаша ақпараттық материалдар Instagram әлеуметтік желісінде жарияланып, кең аудиторияға ұсынылды.

* Іс-шараның толық орындалуына қатысты нақты ақпарат ұсынылмады. Растаушы құжаттар күтілуде.

3 іс-шара. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізу.

Жоба шеңберінде жастар мен жергілікті тұрғындар арасында экожүйені сақтау, экологиялық мәдениетті нығайту және қоршаған орта мәселелеріне қатысты хабардарлық деңгейін бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 200-ден астам адам қатысып, олардың пікірлері мен бағалаулары жоба іс-шараларының тиімділігін айқындауға мүмкіндік берді.

Алынған нәтиже қатысушылардың экологиялық мәдениетті дамытуға деген қызығушылығы артқанын, экожүйені қорғау бойынша практикалық дағдылары мен білімдерінің нығайғанын көрсетті. Сауалнама деректері ресми түрде жинақталып, жобаның мониторинг және бағалау процестеріне енгізілді.

Іс-шара туралы қосымша ақпарат пен фотоматериалдар Instagram әлеуметтік желісінде жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі: <https://instagram.com/p/DQ3fc3ujKBo/>

* Іс-шараның толық орындалуына қатысты нақты ақпарат ұсынылмады. Растаушы құжаттар күтілуде.

5-міндет. Экологиялық акциялар мен марафондарды ұйымдастыру.

1 іс-шара. «Теңізді тазарту үшін сүңгуірлер марафоны – бұл жай ғана сүңгу емес».

Жоба шеңберінде теңіз акваториясын қорғау және аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында арнайы сүңгуірлер марафоны ұйымдастырылды. Іс-шара барысында тартылған сүңгуір белгіленген тапсырманы толық көлемде орындап, теңіз түбіндегі қалдықтарды тазарту және акваторияның экологиялық жағдайын жақсартуға нақты үлес қосты. Сүңгуір жұмыстарының барысы түсіріліп, дайындалған бейнематериал Хабар порталының жаңалықтар сайтында жарияланды.

Қоғамда экологиялық жауапкершілік мәдениетін арттыру және тұрғындардың табиғатты қорғау бастамаларына қатысуын кеңейту мақсатында эко-пикник ұйымдастырылып, оған 25 қатысушы қатысты. Сонымен қатар, жоба аясында жалпы 4 сенбілік өткізілді. Бұл іс-шараларға барлығы 100 қатысушы қамтылып, олар жағалау аумақтарын тазарту және экологиялық тәртіпті нығайтуға атсалысты.

Аталған іс-шаралар кешені қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтың белсенді қатысуын ынталандыруға бағытталды.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Іс-шаралар туралы қосымша материалдар Instagram желісінде жарияланды.

Сілтемесі: https://www.instagram.com/reel/DNQLFp_MT8a/?igsh=MTZjM3hqMW1haWJ5dQ==

* Іс-шараның толық орындалуына қатысты нақты ақпарат ұсынылмады. Растаушы құжаттар күтілуде.

2 іс-шара. «Сарыға лақтыр» акциясын өткізу.

Жоба аясында Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы №3 орта мектепте «Сары лақтыр» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Іс-шараға 9–11 сынып оқушылары қатысып, жалпы қамтылғандар саны шамамен 68 оқушыны құрады.

Акция алдында іс-шараның бағдарламасы әзірленіп, ұйымдастырушылар тарапынан келісілді. Сонымен қатар қатысушылардың толық тізімі жасалып, жоба құжаттарына енгізілді. Акцияның мақсаты - оқушылар арасында қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру, пластиктің қоршаған ортаға әсері туралы түсіндіру және экологиялық жауапкершілікті арттыру болды. Алдымен оқушыларға экологиялық ағарту жұмыстары жүргізіліп, тұрмыстық қалдықтардың түрлері, олардың табиғатқа әсері және қайта өңдеудің маңызы түсіндірілді.

Оқу бөлігінен кейін оқушылар пластик қалдықтарды сары түсті контейнерге дұрыс жинау бойынша практикалық тапсырма орындады. Бұл тәжірибелік бөлім оқушылардың теориялық білімін нақты іс-әрекет арқылы бекітуге мүмкіндік берді.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Іс-шара аяқталған соң акция материалдары мен фото-видео мазмұн әлеуметтік желілерге жарияланып, кең аудиторияға жеткізілді. Бұл экологиялық бастаманы көпшілікке насихаттауға және жастардың экосана қалыптастырудағы үлесін көрсетуге мүмкіндік берді.

* Іс-шараның толық орындалуына қатысты нақты ақпарат ұсынылмады. Растаушы құжаттар күтілуде.

6-міндет. «5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыру.

1. іс-шара. Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін облыстық деңгейде өткізу.

Жоба шеңберінде 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Маңғыстау облысында ауқымды экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шаралардың негізгі мақсаты – өңір тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты қорғау мәселелеріне қоғамның назарын аудару және тұрақты даму қағидаттарын ілгерілету болды.

Жалпы іс-шараларға 100 қатысушы тартылды. Бағдарлама талаптарға сай әзірленіп, арнайы күн тәртібі жасалды. Іс-шараға қатысқан азаматтар бойынша қатысушылар тізімі дайындалып, ресми есепке енгізілді.

Іс-шара аясында аймақтағы экологиялық жағдай, табиғатты қорғаудың өзекті мәселелері және тұрақты даму бағыттары бойынша конференция өткізілді. Қатысушылар экологиялық сауаттылықты арттыруға, қоршаған ортаны қорғау бастамаларына белсенді атсалысуға ынталандырылды.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Өткізілген іс-шаралар туралы фото және ақпараттық материалдар көпшілікке қолжетімді болуы үшін әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл экологиялық мәдениетті насихаттауға және өңір тұрғындарының экологиялық бастамаларға қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

Іс-шаралар бойынша фото және қысқаша ақпарат әлеуметтік желілерде жарияланып, көпшілік назарына ұсынылды:

Әлеуметтік желідегі жариялым сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/DMfMYmPNXuD/?igsh=MTFmYnlleGo0cXI5eA==>

7-міндет. «12 тамыз – Халықаралық Каспий күні» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыру.

1 іс-шара. 12 тамыз – Халықаралық Каспий күні» мерекелік іс-шарасын облыстық (халықаралық) деңгейде ұйымдастыру.

Жоба шеңберінде Халықаралық Каспий күніне арналған ауқымды мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, барлық жоспарланған бөлімдер мен индикаторлар толық көлемде орындалды. Іс-шараның ресми бағдарламасы әзірленіп, оған сәйкес мерекелік күн бірнеше мазмұнды бағыттар бойынша жүзеге асырылды.

Алдымен мерекелік бағдарлама таныстырылып, қатысушыларға Каспий теңізінің экологиялық маңызы, өңірдің тұрақты дамуы және қоғамның экологиялық жауапкершілігін арттыру жөнінде ақпарат берілді. Бағдарламаның негізгі бөлімі ретінде қазақтың ұлттық ойындары өтті: арқан тарту және армрестлинг сайыстарына жалпы 85 қатысушы қатысып, ұлттық мәдениет пен командалық бірлікті нығайтуға мүмкіндік жасалды.

Мерекелік күннің келесі кезеңінде 39 қатысушының қатысуымен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Отырыс барысында Каспий теңізінің экологиялық қауіпсіздігі, теңіз акваториясын қорғау, экологиялық мәдениет қалыптастыру және өңірдің табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану тақырыптары талқыланды. Сарапшылар, белсенді жастар және жергілікті ұйым өкілдері қатысып, олардың тізімі толық жасалды. Дөңгелек үстел қатысушыларына бейресми қарым-қатынасты дамыту мақсатында арнайы кофе-брейк ұйымдастырылды.

Іс-шараға арналған логотипі бар үлестірме материалдар — қалпақтар, футболкалар, дәптерлер, қаламдар және басқа да атрибуттар дайындалып, қатысушыларға таратылды. Бұл материалдар мерекенің танымалдылығын арттыруға және Каспий күніне арналған символикалық мазмұнды кеңейтуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Каспий күніне байланысты ұзақтығы 1 минут 46 секунд болатын арнайы бейнеролик дайындалып, көрсетілді.

Қатысушылар мен сарапшылар тізімі, фото және бейнематериалдар жобаның есептік құжаттарына рәсімделіп енгізілді. Халықаралық Каспий күніне арналған бұл мерекелік бағдарлама өңір тұрғындарының экологиялық мәдениетін арттыруға, табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыруға және Каспий теңізін қорғауға бағытталған қоғамдық қатысуды күшейтуге маңызды үлес қосты.

Растаушы құжаттар сілтеме түрінде есеп соңында ұсынылды.

Іс-шара туралы бейнематериалдар мен ақпараттар әлеуметтік желілерде жарияланып, қоғамның ақпараттану деңгейін арттырып, экологиялық мәдениетті насихаттауға ықпал етті.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі. <https://www.instagram.com/reel/DNOKmE-sLy4/?igsh=MW9rMzZiNzNkNzJtcQ==>

* Іс-шараның толық орындалуына қатысты нақты ақпарат ұсынылмады. Растаушы құжаттар күтілуде.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

1 іс-шара. Жоба нәтижелерін онлайн форматта көпшілікке таныстыру.

Қорытынды презентация ұйымдастырылып, оған 43 қатысушы қатысты. Қатысушыларға жобаның барлық нәтижелері, әлеуметтік және экологиялық әсері толық таныстырылды.

Жоба іс-шараларының растаушы құжаттары, сілтемедегі ақпарат ретінде ұсынылады:

1. <https://drive.google.com/drive/folders/1UPdgPKtZCHA7J1Kr0j5fZ5eoX3al9GO0>

Шарттың талаптарына сәйкес жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жұмыс.

1 іс-шара. Әлеуметтік желілер мен сайттар арқылы жобаны насихаттау.

Жоба шеңберінде ақпараттық материалдарды тарату үшін әртүрлі коммуникациялық арналар қолданылды.

Ақпарат төмендегі платформалар арқылы жарияланды:

- Тарату арналары: Instagram, TikTok, қордың және серіктестердің сайттары, республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары.
- Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар саны: кемінде 3 публикация.

СМИ жарияланымдары:

- Республикалық және өңірлік БАҚ-та – кемінде 10 материал;
- Ресми сайттарда – кемінде 2 жарияланым.

Қамту бойынша:

- Жанама қамту: 27 828 қаралым;
- Тікелей қамту: 770 қатысушы.

Аталған көрсеткіштер жоба туралы ақпараттың кең аудиторияға таралуын қамтамасыз етіп, оның қоғамдық әсерін арттырды.

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

«Эко-Маңғыстау: халықты қоршаған ортаны қорғауға және өңірдің орнықты дамуына тарту» жобасының басты мақсаты – Маңғыстау облысының тұрғындарының экологиялық мәдениетін арттыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру және өңірдегі тұрақты дамуды насихаттау болды.

Жобаны іске асыру барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

Біріншіден, қоғам мен ұйымдардың өзара әрекеттестігі қамтамасыз етілді. Маңғыстау облысының мемлекеттік органдары, білім беру мекемелері, жастар ұйымдары және экологиялық бастамаларды жүзеге асыратын ҰЕҰ-лар біріктіріліп, ынтымақтастық тетігі әзірленді. Бұл механизм экологиялық жобаларды үйлестіруге, ақпарат алмасуға, бірлескен акциялар мен оқыту іс-шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Екіншіден, эко-волонтерлерді оқыту және ақпараттық қолдау жұмыстары жүргізілді. Аймақ тұрғындары үшін арнайы ақпараттық және білім беру материалдары әзірленіп, 1500 лифлет және 1500 брошюра басып шығарылып, жергілікті қауымға таратылды. Сонымен қатар, «Эко-волонтерлік» мектебі аясында 60 белсенді оқытылып, олардың экологиялық ақпаратты тарату және қоғамда экологиялық мәдениетті арттыру қабілеттері артты.

Үшіншіден, қоғамдық қатысу деңгейі артты. «Теңізді тазарту үшін сүңгуірлер марафоны» және «Сарыға лақтыр» сияқты акциялар ұйымдастырылып, барлығы 193 адам қатысты. Сондай-ақ, Халықаралық Каспий күніне арналған мерекелік іс-шараларға 124 қатысушы тартылып, ұлттық ойындар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Бұл шаралар қоғамның экологиялық бастамаларға белсенді қатысуын ынталандырды.

Төртіншіден, жобаның мемлекеттік органдармен үйлестірілуі қамтамасыз етілді. Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен іс-шаралар бағдарламасы келісіліп, жоба заңдық және ұйымдастырушылық тұрғыдан толық қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен сайттар арқылы ақпараттық насихат жүргізіліп, жанама қамту 27 828 қаралымға, тікелей қатысу – 770 адамға жетті. Бұл жобаның танымалдығын арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және белсенді қатысушылар санын көбейтуге мүмкіндік берді.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

- 3 000 ақпараттық материал таратылды.
- 300-ден астам адам офлайн оқытылды.
- 27 828 қаралым – халықтың кең ауқымының қамтылғанын дәлелдейді.
- 4 сенбілік, 2 ірі мерекелік экошара, бірнеше тренинг пен акциялар өткізілді.
- Zoom-дегі қорытынды презентация сәтті өтті (43 қатысушы).

Барлық дәлелдер жобаның жоспарланған мақсаттарына толық жеткенін көрсетеді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Ақпарат грант алушының қорытынды есебімен ұсынылады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

«Эко-Маңғыстау: халықты қоршаған ортаны қорғауға және өңірдің орнықты дамуына тарту» жобасы шеңберінде жүзеге асырылған іс-шаралар айтарлықтай әлеуметтік және экологиялық өзгерістерге әкелді. Жобаны іске асыруға дейін Маңғыстау облысында экологиялық мәдениет деңгейі төмен болды, тұрғындардың қоршаған ортаға қатысу белсенділігі шектеулі еді, қоғам мен ұйымдардың бірлескен әрекеті жүйеленбеген, эко-волонтерлік іс-шаралар мен ақпараттық материалдардың саны аз болды. Жобаны іске асыру нәтижесінде келесі негізгі өзгерістер мен жетістіктер байқалды:

1. Қоғамның экологиялық мәдениет деңгейі артты.

Жоба шеңберінде әзірленген ынтымақтастық тетігі мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, жастар ұйымдары және ҮЕҰ-ларды біріктіріп, экологиялық жобаларды үйлестіру мен ақпарат алмасуды жеңілдетті. Эко-волонтерлерге арналған тренингтерге 60 белсенді қатысып, ал қоғамдық ағарту іс-шараларына 200 адам тартылды. Бұл халықтың экологиялық санасына тікелей әсер етті.

2. Ақпараттық қолдау және білім беру жұмыстары жүргізілді.

1500 лифлет және 1500 брошюра басылып, жергілікті қауымға таратылды. Бұл экологиялық ақпаратты кеңінен таратуға және жас буынның экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, эко-волонтерлердің практикалық дағдылары мен ақпарат тарату қабілеттері артты.

3. Қоғамдық қатысу деңгейі өсті.

«Теңізді тазарту үшін сүңгуірлер марафоны» және «Сарыға лақтыр» сияқты экологиялық акцияларға жалпы 193 адам қатысты. Халықаралық Каспий күніне арналған іс-шараларда ұлттық ойындар мен дөңгелек үстелдер арқылы 124 қатысушы тартылып, қоғамның белсенділігі мен мерекелік шараларға қатысу деңгейі артты.

4. Жобаның әлеуметтік және ақпараттық әсері артты.

Онлайн насихат нәтижесінде жанама қамту 27 828 қаралымға, тікелей қатысу 770 адамға жетті. Қатысушылардың сауалнама нәтижелері олардың экологиялық мәдениетке қызығушылығы артқанын, практикалық дағдылар мен білімдерінің нығайғанын көрсетті.

5. Проблемаларды шешу дәрежесі жоғары болды.

Өңірдегі экологиялық жобаларды үйлестіру және қоғам мен ұйымдардың тұрақты серіктестігін қалыптастыру бойынша негізгі міндеттер толық орындалды. Мемлекеттік органмен тікелей меморандум жасалмаса да, іс-шаралар бағдарламасы толық бекітіліп, жобаны іске асыруға

құқықтық және ұйымдастырушылық кедергілер болмады. Халық арасында экологиялық жауапкершілік пен экobelceнділікті арттыруға бағытталған барлық негізгі іс-шаралар жоспарланған көлемде орындалды.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
770	358	412

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
770	0	425	60	10	0	104	120	31	25	0

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
770	117	303	56	151	84	32	27

3. Жобаның нәтижелері

1) Нысаналы топтардың жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштер мен сапалық өзгерістер):

Жоба шеңберінде белгіленген нысаналы топтар – оқушылар, жастар, жергілікті қауымдастықтар, экологиялық белсенділер, волонтерлер және мемлекеттік ұйымдардың өкілдері – экология саласында кешенді білім мен практикалық дағдылар алды.

Сандық нәтижелер:

- 60 белсенді үшін экологиялық білім беру курстары ұйымдастырылды (Жаңаөзен қ., №22 және №19 мектептер);
- 200 қатысушы үшін экологиялық ағарту семинары өткізілді (№2 спорт мектебі);
- 200 адам сауалнамаға қатысып, олардың экологиялық хабардарлық деңгейі бағаланды;
- 1500 дана брошюра әзірленіп, жергілікті қауымдастыққа таратылды;
- 4 сенбілік ұйымдастырылып, 100 қатысушы тартылды;
- 25 адамға эко пикник ұйымдастырылды;
- 68 қатысушы қамтылған «Сарыға лақтыр» акциясы өткізілді;
- 39 адам «дөңгелек үстелге» қатысып, тізімдері рәсімделді;

Ақпараттық қамту:

- Жанама қамту – 27 828 қаралым;
- Тікелей қамту – 770 адам.

Сапалық нәтижелер:

- Қатысушылардың экологиялық сауаттылығы артты, табиғатты қорғау дағдылары нығайды.
- Экобелсенділер халықпен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгерді.
- Жастар мен оқушыларда тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мәдениеті қалыптасты.
- Жергілікті қауымдастықта экологиялық тәртіпке деген қызығушылық күшейді.
- Ұлттық ойындар арқылы экотақырып пен мәдени құндылықтар сабақтастығы артты.
- Жобаның іс-шаралары қоғамда экологиялық мәдениетті танымал етуге және тұрақты даму қағидаттарын түсіндіруге ықпал етті.

2) Жобаның ұзақмерзімді ықпалы (проблеманың шешілуіне әсері):

Жоба өңірдің экологиялық санасын арттыруға, халықтың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға және тұрақты даму идеологиясын насихаттауға ұзақмерзімді әсер етті.

Ұзақмерзімді ықпалдың негізгі бағыттары:

Экобелсенділердің жаңа буыны қалыптасып, олар оқу орындарында және қауымдастықтарда тұрақты экологиялық ағарту жұмысын жалғастыруға дайын.

Жоба аясында әзірленген оқыту бағдарламалары мен әдістемелік материалдар тұрақты қолдануға жарамды және басқа ұйымдарда да пайдаланылуы мүмкін.

Жастар мен оқушылар арасында қалдықтарды сұрыптау мәдениеті орнығып, бұл экологиялық әдеттердің тұрақты қалыптасуына ықпал етеді.

Маңғыстау облысында өткізілген мерекелік экошаралар (Каспий күні, 5 маусым) өңірде экотақырыпты жыл сайын атап өту дәстүрін нығайтады.

Жобаның ақпараттық кампаниясы тұрғындар арасында экологиялық мәдениеттің маңызын арттырып, өңірдің экологиялық күн тәртібін күшейтті.

Мемлекеттік органдар, ҮЕҰ және белсенді қоғамдастық арасында экологиялық мәселелер бойынша тұрақты серіктестік алаңы қалыптасты.

Бұл өзгерістер өңір халқының экологиялық тәртібін жақсартуға, табиғатты ұтымды пайдалануға және Каспий теңізінің экожүйесін қорғауға бағытталған ұзақмерзімді оң нәтижелер береді.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба өңірдің әлеуметтік дамуына да, экономикалық тұрақтылығына да оң серпін берді.

Әлеуметтік әсер:

- Халықтың экологиялық мәдениеті күшейді, экобелсенді азаматтар саны артты.
- Тұрғындар арасында жауапкершілік мәдениеті қалыптасып, қауымдастықтардың табиғатты қорғау бастамалары белсенді түрде дами бастады.
- Жастардың экология тақырыбына қызығушылығы артып, олардың қоғамға пайдалы бастамаларға қатысуы жиіледі.
- Каспий теңізі мен өңір экожүйесін сақтау бойынша қоғамдық қолдау күшейді.
- Ұлттық ойындар, мерекелік іс-шаралар және экошаралар халықты біріктіріп, әлеуметтік байланыстарды нығайтты.
- Экономикалық әсер:
- Экологиялық ағарту және қалдықтарды сұрыптау дағдылары болашақта өңірде қалдықтарды басқару жүйесін жақсартуға мүмкіндік береді, бұл жергілікті бюджеттің экологиялық шығындарын азайтады.
- Теңіз акваториясын тазарту шаралары туризм мен балық шаруашылығының экологиялық тәуекелдерін төмендетеді.
- Экобелсенділер мен жастардың жаңа дағдылары өңірдің жасыл экономика бағытында дамуына алғышарт жасайды.
- Экологиялық мәдениеттің артуы қоршаған ортаға келетін залалды азайту арқылы өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз етеді.